

Абдикаримова Мадина Нурбулатқызының
«Туристік кадрларды даярлауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» тақырыбы бойынша 6D090200 – «Туризм» мамандығы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысына берілген ресми рецензенттің
ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу 6D090200 – "Туризм" мамандығы бойынша Қазақ спорт және туризм академиясының докторанты Абдикаримова Мадина Нурбулатқызының ғылыми зерттеулер саласында тиісті ғылыми дәрежелері мен атақтары бар отандық (Татьяна Васильевна Иманғұлова, Бауыржан Қайратұлы Закирьянов) және шетелдік (Светлана Викторовна Дусенко, Ресей) ғылыми консультанттардың жетекшілігімен орындалды.

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және Ұлттық бағдарламалармен байланысы.

Туризм саласы экономиканы дамыту көздерінің бірі болып саналады. Туризм қазіргі таңда өзінің қарыштауымен өркениеттің даму жолының, қоршаған ортаны танудың бірден-бір құралы болып табылады. Туризмнің даму мәселелерінің бірі ретінде маман кадрлар дайындау менеджерлерді дайындау бағытында педагогикалық тұрғыда қарастырылып келген болатын. Туристік кадрларды даярлауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары қарастырылмаған. Бүгінгі таңда адамның тағдыры, оның білім сапасы, адамның зияткерлік және білім беру әлеуетімен анықталады, ал бәсекелестіктің негізін білім деңгейі мен сапасы құрайды. Білімсіз қарқынды экономикалық өсу, демографиялық құлдырау, елдің өмір сүру деңгейі мен сапасын, қорғаныс қабілетін арттыру және оның ұлттық қауіпсіздігін, туризм саласының дамуынсыз қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауында білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру керектігі, оқу бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және ақпаратты өз бетінше іздеу дағдыларын дамытуға, жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейіне және білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талаптарды күшейту қажеттілігі баса айтқан болатын.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы, тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік саласын қалыптастыру мақсатында, оны іске асыру жөніндегі негізгі қағидаттар мен тәсілдерді қалыптастыру жолдары әдіснамалық, ұйымдастырушылық шараларын зерделеу және практикаға енгізу мақсатында орындалған туризм негізіндегі зерттеу. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында зерттеу тақырыбы өзекті болып саналады.

Туризм индустриясындағы маман кадрларды туристік нарыққа бейімдеу мақсатында оны басқарудың педагогикалық шарттары сараланып туризм

индустриясы саласында қызмет көрсету сапасын арттыру және өсуін реттеу үшін нақты ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік нысандар мен жүйелердің өзара тығыз байланысын, басқарушылық шешімдерді іздестіруге және қамтамасыз етуге бағытталған зерттеу жұмысы.

Диссертациялық жұмыста Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттары туризм саласына қатысты тұжырымдамалар мен бағдарламалар орынды қолданылған.

2. Жаңалық қағидаттарына сәйкестігі.

Қазақстан жоғары оқу орындарында туризм мамандығын даярлау қазіргі кезде бір жүйеге келтірілмеген. Білім беру бағдарламаларында сәйкес келмейтін тұстары жеткілікті. Туристік қызмет туралы заңда 2001 жылғы көрсетілгендей туризмнің экономикалық, географиялық, педагогикалық бағыттары бойынша әліде болса қарастырылатын сұрақтар жеткілікті. Туризм нарығына кадрларды даярлауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қазіргі білім беру жүйесіне «Туризм» бағыты бойынша тереңдетілген білім беру траекторияларын енгізуде, оның педагогикалық, әдістемелік шарттары эксперименттік жағдайда алғаш қарастырылып отыр. Туристік кадрларды даярлаудағы неғұрлым тиімді болатындығы оқу процесінде нақтыланған, қолданбалы бағыттағы ұсынылып отырған білім беру траекториялары туризм индустриясы мамандарын кәсіптік даярлауды тиімді жүргізуге мүмкіндік береді "Туризм" білім беру бағдарламасы бойынша даярланған оқу-әдістемелік кешендермен толықтай қамтамасыз етілуі жаңашылдық болып табылады.

3. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, ізденушінің тұжырымдары мен қорытындыларының дербестігі мен дұрыстығы.

Зерттеу жұмысының кешенділігін жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қамтамасыз етілген. Олардың қатарына негізінен – экспедициялық, картографиялық, пәндік-логикалық және құрылымдық-қызметтік талдау, сараптамалық бағалау, статистикалық өңдеу, жүйелі талдау және және салыстырмалы талдау, анықтамалық талдау, синтездеу әдістері мен қағидалары жатады. Салыстырмалы талдау, анықтамалық талдау, синтездеу әдістері мен қағидалары пайдаланылған.

Орындалған кешенді диссертациялық зерттеу бойынша туристік кадрларды даярлауды талдау барысында кадрларды даярлауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары жан жақты зерттелінген. Туризм саласына қажетті мамандарды даярлаудың теориялық-әдістемелік негіздері жоғары деңгейде талданған.

Алынған нәтижелер негізінде, мынадай қорытындылар жасалды: Туристік білім берудің ерекшеліктерін, жіктелуін және туристік кадрларды ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын қарастыру негізінде траекториялар арқылы жетілдіру ұсынылған.

2. Туризм индустриясы кадрларын даярлау жөніндегі халықаралық білім беру жүйесін зерделей халықаралық білім беру жүйесі бойынша озық тәжірибелер нақтыланған және қолданылған.

3. Ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар әзірленді және негізделді, мамандарды даярлау өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері нақтыланған.

4. Қазақстан Республикасының туризм индустриясында кадрлар даярлаудың білім беру процесін жетілдіру жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірленген.

5. Қазақ спорт және туризм академиясы базасында Туризм индустриясы үшін кадрлар даярлау жүйесінің нәтижелілік көрсеткіштерін эксперименттік жұмыстар арқылы негізделген.

6. «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша білім беру траекторияларының нұсқалары ұсынылған, олар Қазақстан Республикасының Туризм индустриясы кадрларын даярлау бойынша ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын кешенді іске асыру логикасын көрсетеді.

Диссертациялық жұмыста өңделген нәтижелер практикалық қолданысқа ие. Зерттеу материалдары мен ұсыныстар республиканың басқа да жоғары оқу орындарында пайдалануға бағытталады.

Маман даярлаудағы педагогикалық шарттар туралы теориялық түсініктер мен қолданбалы ұсыныстар туризм мамандарын дайындау процесінде қолданысқа ие. Болашақ туристік зерттеулерге қажет.

4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің жаңашылдық дәрежесі.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

– туристік білім берудегі педагогикалық жағдайлар және халықаралық білім беру жүйесі бойынша озық тәжірибелер нақтыланған және қолданылған оның теориялық-әдістемелік негіздері сараланып жүйелендірілген;

– түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған нормативтік-құқықтық құжаттар анықталып, туризм мамандарын даярлаудың қолайлылығын анықтап кешенді жұмыстар жүргізілді;

– ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар әзірлей отырып кадрларды даярлау өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалған, ұсыныстар берілген;

– Білім беру траекторияларының нұсқалары енгізілді, олар Қазақстан Республикасының Туризм индустриясы кадрларын даярлау бойынша ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын кешенді іске асыру логикасы болып табылады.

5. Ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі, практикалық құндылығы және теориялық маңыздылығы.

Жұмыс жалпы алғанда, ғылыми-педагогикалық әдістерді тиімді пайдаланумен ерекшеленеді. Әр тарау дұрыс логикалық құрылған, тарау арасындағы бірізділік байланыс орнатылған. Автордың зерттеу нәтижелерінің ішкі бірлігі байқалады. Диссертациялық зерттеу негізінде кәсіптік стандарттар негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, "Туризм" білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу жүзеге асырылған. Енгізу актілері берілген. Зерттеу орыны академияның ресурстық -педагогикалық мүмкіндіктерін толықтай пайдаланғандығында. Диссертанттың зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын туристік кадрларды даярлауды жетілдірудің

ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары бойынша теориялық және практикалық ұсыныстарымен көрінеді. Зерттеу 2015-2020 жылдар аралығында кезең-кезеңмен жүргізілген.

Диссертациялық тақырып Туризм мамандығына сай зерттеу нәтижелерінің теориялық-қолданбалық маңыздылығын айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық мазмұны мен ғылыми зерттеулердің нәтижесі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалған. Диссертант аталған іс шараларды туризм факультетінде оқытушылық кезінен бастап барлық оқу бағдарламаларын, әзірлеуде авторлық топта болып басы қасында болған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Жалпы диссертациялық жұмыс ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалған. Бірақта мазмұны бойынша төмендегідей кемшіліктер кездеседі:

1. Туристік кадрларды даярлауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын туризмнің салалары бойынша (ішкі туризм және халықаралық туризм бойынша) бөлуге болар еді.

2. Диссертация нәтижелері бойынша ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектерді кіреспеде нақты көрсеткен орынды. Әдебиеттер тізімінен көруге болады.

3. Педагогикалық қағида, шарттар туралы кей сөздер құрылымы оқуға ауырлау келеді.

7. Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптары шеңберіндегі диссертация мазмұнының сәйкестігі.

Абдикаримова Мадина Нурболатқызының "Туристік кадрларды дайындауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары" тақырыбындағы диссертациялық жұмысы маңызды ғылыми және практикалық маңызы бар ғылыми мәселені шешеді. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациялық жұмысы өзіндік орындалған және аяқталған деп есептеймін, ішкі біртұтастыққа ие, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген талаптарға сәйкес ресімделген және ғылыми проблеманы шешетін жаңа ғылыми негізделген нәтижелерден тұрады.

"Туристік кадрларды даярлауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары" тақырыбындағы диссертациялық зерттеу докторлық диссертацияларға және "ғылыми дәрежелер беру ережелеріне" қойылатын талаптарға сәйкес келеді. ал оның авторы Абдикаримова Мадина Нурболатқызы 6D090200 – "Туризм" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп танылады»

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. География ғылымдарының докторы, туризм кафедрасының профессоры.

О. Б. Мазбаев

23 қараша 2020 жыл

